

Мемлекеттік мектепке дейінгі білім ұйымдарының тәрбиеленушілері үшін тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 42 қаулысы.
Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 наурызда № 9-4-160 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңының 12-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 14) тармақшасына, 8-бабының 4-тармағына, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 2-бабы 1-тармағына, "Лисаков қаласының 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы" Лисаков қалалық мәслихатының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 271 шешіміне сәйкес, Лисаков қаласы әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2010-2012 жылдарға арналған қаланың мемлекеттік мектепке дейінгі білім ұйымдарында тәрбиеленушілердің мынадай санаттарын тегін тамақтандыру ұйымдастырылсын:

кедейшілік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысы бар отбасыларының балалары;
жетім балалар;
ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедек балалар;
көп балалы отбасылардың балалары.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010.06.15 № 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2. "Лисаков қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мектепке дейінгі білім ұйымдарында ата-аналарына немесе олардың орнын ауыстыратын тұлғаларға мемлекеттік мектепке дейінгі білім ұйымдарында орны бар бір жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды тегін тамақтандыруға баланың мәртебесін растайтын құжаттар негізінде жолдама берсін:
кедейшілік шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табысы бар

отбасыларының балаларына - "Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің анықтамасы;
жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға - "Лисаков қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қорғаншылық және қамқоршылық органының анықтамасы;
даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға–психология–медицина - педагогикалық консультациясының қорытындысы;
мүгедек балаларға – медицина-әлеуметтік–сараптама комиссиясының анықтамасы;
көп балалы отбасылардың балаларына – балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмелері, азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010.06.15 № 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен .

3. "Лисаков қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі берілген жолдамаларды есепке алсын.

4. "Лисаков қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мектепке дейінгі білім ұйымдарының бюджетін қалыптастыру кезінде балалардың тегін тамақтандырылуына қаражат көздесін.

5. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған іс-әрекетке қолданылады.

Лисаков қаласының әкімі
КЕЛІСІЛДІ

В. Радченко

*"Лисаков қаласы әкімдігінің
білім бөлімі" ММ бастығы*

_____ *Е. Бурдыка*

*"Лисаков қаласы әкімдігінің
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы*

_____ *Г. Бермухамбетова*